



**МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БІРІНШІ
БАСШЫЛАРЫ МЕН ПЕДАГОГТЕРІН ЛАУАЗЫМҒА
ТАҒАЙЫНДАУ, ЛАУАЗЫМНАН БОСАТУ ҚАҒИДАЛАРЫНА
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРИМЕНЕНИЮ
ПРАВИЛ НАЗНАЧЕНИЯ НА ДОЛЖНОСТИ, ОСВОБОЖДЕНИЯ ОТ
ДОЛЖНОСТЕЙ ПЕРВЫХ РУКОВОДИТЕЛЕЙ И ПЕДАГОГОВ
ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ**

Құқықтық жұмыс, ЕҚЖЕК бөлімі

Астана, 2025

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығымен бұрын қолданыста болған Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтарын қызметке тағайындау, лауазымнан босату Қағидаларының күші жойылды.

Осы бұйрықпен 2025 жылғы 11 сәуірде, яғни ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтарын лауазымға тағайындау, лауазымнан босатудың жаңа қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілді.

Бірінші басшының лауазымына конкурс өткізу тәртібі

Бірінші басшы лауазымына конкурстан өту кезеңдерінің тәртібі жеңілдетілді, яғни кандидаттарды мемлекеттік білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесімен келісу алынып тасталды.

Конкурс өткізу туралы хабарландыруды конкурсты жариялаған мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында жариялау 15 күннен 20 күнге өзгертілді.

Конкурстық комиссияның сандық және жеке құрамы кеңейтілді, құрамы 7 (жеті) адамнан кем емес және оған үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, кәсіподақтар, ардагерлер кеңесі, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің арасынан азаматтық қоғамның өкілі мен тәуелсіз сарапшы кіру тиіс.

Қағидалардың 16-тармағымен байқаушылар құрамы нақтыланды, оларға депутаттық корпус, үкіметтік емес ұйымдары, қоғамдық бірлестіктері, кәсіподақтар, ардагерлер кеңесі өкілдерінің арасынан байқаушы шақырылуы тиіс.

Бірінші басшы лауазымына кандидат құжаттарды конкурсқа қатысуға жібергенге дейін заңнаманы білуге арналған сертификаттаудан және мемлекеттік тілді орта деңгейден (B1) төмен емес деңгейде білуге арналған тестілеуден (ҚАЗТЕСТ, QAZAQ RESMI TEST) өз бетінше өтуі тиіс.

Кандидаттарды сертификаттауды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйым конкурс жариялаған мемлекеттік орган өкілдерінің және тартылған тұлғалардың қатысуынсыз ақылы негізде жүзеге асырады.

Кандидат персоналды басқару қызметіне жүгінбей сертификаттаудан өз бетінше өтеді.

Конкурс нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қатысушы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурс жариялаған мемлекеттік органның апелляциялық комиссиясына 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінішпен шағымдана алады.

Демек, апелляциялық комиссияның өкілеттіктері мен құрамы анықталған.

Апелляциялық комиссияның шешіміне Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде айқындалған тәртіппен шағым жасалады.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі

Қағидалардың 89,90 және 91-тармақтарына сәйкес педагогтерді орта білім беру ұйымдарына лауазымдарға тағайындау конкурсы «Педагогты жұмысқа қабылдау» электрондық формат модулінде (бұдан әрі - Модуль) (<https://hr-nobd.edu.kz/>) жүзеге асырылатын болды.

Модуль іске қосылғанға дейін мектепке дейінгі, қосымша, арнайы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдардың педагогтерін лауазымдарға тағайындау конкурсы қағаз форматта жүзеге асырылады.

Модуль жүйесінде техникалық ақау және ақау болған жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті органның хаты негізінде орта білім беру ұйымдарына педагогтерді лауазымдарға тағайындау конкурсын қағаз форматта жүзеге асыруға жол беріледі.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган аталған нормалармен педагогті жұмысқа қабылдау жаңа электрондық базамен жүргізілетінін көрсетті, бұл конкурстан өту процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, уәкілетті органмен GPA 3,33 балдан төмен емес тұлғалардың конкурстық рәсімдерден өтпей жұмысқа қабылдана алатын норманы айқындайтын Қағидалардың 98-тармағына толықтырулар енгізілді. Бұл тармақ келесі мазмұнда толықтырылды: «Егер педагогтің бір бос лауазымына аталған санаттағы екі немесе одан да көп тұлға үміткер болған жағдайда, таңдау GPA ең жоғары балы бойынша жүзеге асырылады». Мұндай ереже шешім қабылдау кезінде субъективті бағалауды болдырмауға бағытталған.

Сонымен қатар, педагогтың бір лауазымнан екінші лауазымға бір білім беру ұйымының ішінде ішкі ауысуын айқындайтын норма өзгеше сипатталған.

Қағидалардың 97- тармағымен үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес болған жағдайда, Кодекстің 38-бабына сәйкес жұмыс берушінің тиісті актісін шығару жолымен педагогты (бірінші басшының орныбасарын қоспағанда) бір білім беру ұйымының ішінде бір лауазымнан екінші

лауазымға ішкі ауыстыруға жол беріледі деп анықталған. ҚР Әділет министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 1202 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын және мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органы мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

Қағидалардың 134-тармағына сәйкес білім беру ұйымы қоса атқарушыларды ҚР Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 32-бабы 4-тармағында айқындалған тәртіппен негізгі жұмыс берушінің келісімі бойынша конкурстық жұмысқа қабылдайды.

Осылайша, уәкілетті орган негізгі және қосымша жұмыс орны бойынша жұмыс уақытының жиынтық ұзақтығы бойынша шектеулер сақталған жағдайда қоса атқарушыларды жұмысқа қабылдау тәртібін жеңілдетті. Яғни, қоса атқарылатын жұмыс күнделікті жұмыс ұзақтығының нормасынан 4 сағаттан аспауы тиіс. Демек, тәулігіне 12 сағат/аптасына 60 сағат, өйткені күнделікті жұмыстың ұзақтығы 8 сағатты құрайды (Кодекстің 71-бабының 4-тармағы).

Қағидаларда білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және даярлау және оларды тағайындау тәртібін айқындайтын ережелер алынып тасталды. Яғни, жаңа Қағидаларда республикалық кадр резервіне кандидаттарды іріктеуді, іріктеу кезеңдерін, даярлауды регламенттейтін нормалар жоқ.

Сонымен қатар, қолданысқа енгізілген Қағидаларда Республикалық кадр резервіне алынған басшының орынбасарларын, педагогтарды мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы, басшысының орынбасары лауазымына конкурстық рәсімдерден өтпей тағайындау нормалары қарастырылған.

Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын білім бөлімдері, білім басқармалары айқындайды және бекітеді. Апелляциялық комиссияның құрамы бес адамнан тұрады. Апелляциялық комиссияның төрағасы басшылықты жүзеге асырады, хатшы апелляциялық комиссияның отырысын ұйымдастырады, хаттаманы ресімдейді, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге құқығы жоқ.

Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін және конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған кандидатпен білім беру ұйымының басшысы еңбек шартын жасайды және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Педагогтың бос немесе уақытша бос лауазымына өтілі бар кандидаттың бағалау парағының № 12 қосымшасының негізгі көрсеткіштері жаңартылды.

Ғылым докторы дәрежесі үшін 10 баллдан 15 баллға өзгертілді. Соңғы 5 жылдағы кәсіби жетістіктерінің көрсеткіштері 3 жылға өзгертілді.

Сондай-ақ әкімшілік және әдістемелік қызметтегі жұмыс тәжірибесіне қатысты өзгерістер:

Әдіскер лауазымындағы 2 жылға дейінгі жұмыс өтілі кемінде 2 жылға өзгертіліп, 2 баллға бағаланады;

Әдіскер лауазымындағы 2 жылдан көп жұмыс өтілі төрт жылдан көп болып өзгертіліп, 3 баллға бағаланады;

Директордың орынбасары лауазымындағы 2 жылға дейінгі жұмыс өтілі кемінде 2 жылға өзгертіліп, 3 баллға бағаланады;

Директордың орынбасары лауазымындағы 2 жылдан көп жұмыс өтілі төрт жылдан көп болып өзгертіліп, 4 баллға бағаланады;

Директор лауазымындағы 2 жылға дейінгі жұмыс өтілі кемінде 2 жылға өзгертіліп, 4 баллға бағаланады;

Директор лауазымындағы 2 жылдан көп жұмыс өтілі төрт жылдан көп болып өзгертіліп, 5 баллға бағаланады.

Совместным приказом Министра просвещения РК от 31 марта 2025 года № 57 и Министра труда и социальной защиты населения РК от 31 марта 2025 года № 96 были поставлены на утрату ранее действовавшие Правила назначения на должности, освобождения от должностей первых руководителей и педагогов государственных организаций образования

Этим же приказом утверждены новые Правила назначения на должности, освобождения от должностей первых руководителей и педагогов государственных организаций образования (далее – Правила), введенные в действие с 11 апреля 2025 года, т.е. по истечению десяти дней со дня их официального опубликования.

Порядок проведения конкурса на должность первого руководителя

В конкурсе на должность первого руководителя введен упрощенный порядок прохождения этапов Конкурса, а именно исключено согласование кандидатов с попечительским советом государственной организации образования.

Изменен срок публикации объявления о проведении конкурса на официальном интернет-ресурсе со дня появления вакантной или временно вакантной должности первого руководителя с 15 на 20 дней.

Расширен количественный и персональный состав конкурсной комиссии, который должен состоять не менее 7 (семи) человек и включать в себя представителя гражданского общества и независимого эксперта из числа представителя неправительственных организаций, общественных объединений, профсоюзов, Совета ветеранов, средств массовой информации.

Пунктом 16 новых Правил конкретизирован состав наблюдателей, которой должен включать наблюдателя из числа представителей депутатского корпуса, неправительственных организаций, общественных объединений, профсоюзов, Совета ветеранов, средств массовой информации.

Введен пункт для кандидата на должность первого руководителя государственной организации образования, который должен пройти сертификацию на знание законодательства и тестирование на знание государственного языка (КАЗТЕСТ, QAZAQ RESMI TEST) не ниже среднего (B1) уровня самостоятельно до направления документов для участия в конкурсе.

Сертификация кандидатов на должность первого руководителя осуществляется на платной основе организацией, определяемой Уполномоченным органом в области образования без доступа

представителей государственного органа, объявившего конкурс и иных задействованных лиц.

Кандидат проходит сертификацию самостоятельно, без направления службы управлению персоналом.

По итогам конкурса на должность первого руководителя в случае несогласия с результатами конкурса, результаты обжалуются участником в течение 3 (трех) рабочих дней в апелляционной комиссии государственного органа, объявившего конкурс, по форме согласно приложению 10 к Правилам.

Следовательно, определены полномочия и состав апелляционной комиссии.

Решение апелляционной комиссии обжалуется в порядке, определяемом Административным процедурно-процессуальным кодексом.

Порядок назначения на должности, освобождения от должности педагогов государственных организаций образования

Согласно п. 89, 90 и 91 Правил конкурс на назначение педагогов на должности в организации среднего образования осуществляется в электронном формате в модуле «Прием на работу педагога» (далее - Модуль) (<https://hr-nobd.edu.kz/>)

До запуска модуля конкурс на назначение педагогов на должности в организации дошкольного, дополнительного, специального, технического и профессионального, послесреднего образования осуществляется в бумажном формате.

В случае технической неисправности и сбоя в системе модуля допускается проведение конкурса на назначение педагогов в организации среднего образования в бумажном формате на основании письма уполномоченного органа в области образования.

Этими нормами уполномоченным органом в сфере образования вводится новая электронная база по осуществлению приема педагога на работу, что позволяет оптимизировать процесс прохождения конкурса.

Также уполномоченным органом внесено дополнение к пункту 98, в котором определяется порядок принятия на работу лиц без прохождения конкурсных процедур с GPA не ниже 3,33 балла. Данный пункт дополнен следующим содержанием: «В случае, если на одну вакантную должность педагога претендуют два и более лиц указанной категории, выбор осуществляется по наивысшему баллу GPA». Данное положение направлено на исключение субъективной оценки при принятии решения.

Несколько по иному изложен пункт Правил, определяющий внутренний перевод педагога с одной должности на другую должность внутри одной организации образования.

В соответствии с п. 97 Правил при соответствии Типовым квалификационным характеристикам допускается внутренний перевод педагога (за исключением заместителя первого руководителя) с одной должности на другую должность внутри одной организации образования путем издания соответствующего акта работодателя в соответствии со статьей 38 Кодекса. Согласно Типовому уставу государственного учреждения, за исключением государственного учреждения, являющегося государственным органом и Типового устава государственного предприятия, утвержденного приказом и.о. Министра юстиции Республики Казахстан от 28 сентября 2017 года № 1202, соответствующий уполномоченный государственный орган назначает на должность и освобождает от должности заместителя (заместителей) по представлению руководителя государственного учреждения.

В соответствии с п.134 Правил организация образования принимает на работу совместителей без конкурса по согласованию с основным работодателем в порядке, определенном п. 4 ст. 32 Трудового кодекса РК.

Таким образом, уполномоченным органом упрощен порядок приема на работу совместителей при условии соблюдения ограничений по суммарной продолжительности рабочего времени по месту основной и дополнительной работы. То есть, работа по совместительству не должна превышать норму продолжительности ежедневной работы более чем на 4 часа. А значит 12 часов в сутки/ 60 часов в неделю, так как продолжительность ежедневной работы составляет 8 часов (п.4 ст.71 Кодекса).

Правилами исключены положения, определяющие порядок отбора и подготовки лидеров изменений в образовании и их назначения. То есть, в новых Правилах отсутствуют нормы, регламентирующие отбор, этапы отбора, подготовку кандидатов в Республиканский кадровый резерв.

Между тем, введенными в действие Правилами предусмотрены нормы по назначению заместителей руководителя, педагогов, зачисленных в Республиканский кадровый резерв, соответственно на должность руководителя, заместителя руководителя государственной организации образования без прохождения конкурсных процедур.

Председатель и состав апелляционной комиссии определяются и утверждаются отделами образования, управлениями образования. Состав апелляционной комиссии состоит из пяти человек. Председатель апелляционной комиссии осуществляет руководство, секретарь организует заседание апелляционной комиссии, оформляет протоколы, не является членом и не имеет права голоса.

С кандидатом, соответствующим квалификационным требованиям, утвержденным Типовым квалификационным характеристикам и получившим положительное заключение конкурсной комиссии, руководитель организации образования заключает трудовой договор и издает приказ о приеме на работу.

Обновлены основные показатели Приложения № 12 Оценочного листа кандидата со стажем на вакантную или временно вакантную должность педагога.

За степень доктора наук было изменено с 10 до 15 баллов.

Показатели профессиональных достижений за последние 5 лет изменены на 3 года.

Также изменены показатели касательно опыта работы в административной и методической деятельности:

Стаж работы в должности методиста до двух лет изменен не менее двух лет и оценивается на 2 балла;

Стаж работы в должности методиста более двух лет изменен более четырех лет и оценивается на 3 балла;

Стаж работы в должности заместителя директора не до двух лет изменен не менее двух лет и оценивается на 3 балла;

Стаж работы в должности заместителя директора более двух лет изменен более четырех лет и оценивается на 4 балла;

Стаж работы в должности директора до двух лет изменен не менее двух лет и оценивается на 4 балла;

Стаж работы в должности директора более двух лет изменен более четырех лет и оценивается на 5 балла.